

**«Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының 2024 жылдың I тоқсанына
түсіндірме хаттамасы**

«12» наурыз 2024 жыл

Қатынасқандар:

Кабулова Н.И – директордың емхана ісі жөніндегі орынбасары;
Қурманғалиева Л.М – персоналды басқару бөлімі;
Мухамбедина А.Т – экономист;
Батырбекова Б.Б – заңгер;
Сансызбай А.С-мемлекеттік сатып алушы;


Батырбекова Б.Б сөз сөйлеп үстіміздегі жылдың I тоқсанында «Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға барлығымыз жұмыла кірісуіміз керек екендігін ескертті. Шалғайдағы дәрігерлік амбулаториялар,фельдшерлік акушерлік пункттер, медициналық пункттер медбикелерінің жиналыстарға келіп қатыстыруды, хабарлап отыруды ұсынды.

Қурманғалиева Л.М сөз сөйлеп ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жұмыстар ұдайы жүргізіліп отыру қажет екендігін, сыбайлас жемқорлық туғызатындай жағдайларды болдырмауға жұмыстану қажет дей келе, сыбайлас жемқорлықты жою үшін алдымен адамда ішкі мәдениеттің, жемқорлық әрекеттерге төзбеушілік қасиеттердің, патриотизмдік сана сезім болғаны аса қажет, сондықтан өзімізді және балаларымызды биік рухпен тәрбиелеуге шақырды.

Сондай-ақ аурухананың әлеуметтік желілері мен интернет сайты ашылғанын, осығанда тұрғындарға қажетті ақпараттарды, хабарландыруларды ұдайы жариялап отыру керек екендігіне тоқталды.

Тұрғындардан келіп түскен арыз шағымдар мен өтініштерге мерзімінде тіркеп тиісті түрде жауап хат жолдап отыруды қатаң бақылауда ұстауды ескертті .

Хатшы



Батырбекова Б.Б